

ЖШС «Талапты сәби»б/балабақшасы.

Меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамалары.

2020-2021ж

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама № 1

Мерзімі: 8.09.2020ж

Қатысқандар 8 адам

Күн тәртібінде:

- 1.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығына шолу тексеру жасау.
2. «Тіл—басты байлығымыз» іс-шарасын бекіту дайындық
- 3.Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық туралы.
- 4.«Республика күні», «Алтын күз» мерекесінің сценарийін бекіту.
- 5.Кіріс құжаттарды талқылау.

1.Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ә.Әділбай сөз алды. Ол жаңа оқу жылына топтардың жағдайлары жөнінде айтып өтті. Құрметті тәрбиешілер, өздеріңізге тиесілі әр топ бекітіліп берілді. Яғни, сол топқа оның шешініп, киінетін бөлмесіне, жатын, топ бөлмесіне, әжетханасына, ауласына көмекші тәрбиешілермен бірге жауаптысыздар. Оның ішіндегі жиһаздар мен заттарға, ойыншықтар мен ыдыс-аяқтарға тікелей сіздер және көмекшілеріңіз жауапты. Сондықтан да әр нәрсеге мұқият, таза, ұқыпты ұстап, қызығушылық танытып, күтіп ұстандар. Мен бәрін көріп, аралап, тексеріп, мейірбикеден есебін алып, қайта оған жауапты екенін тағы да ескерткім келеді. Менімше, бар нарселердің жаңа оқу жылына сақадай сай дайын деп ойлаймын,-деді.

Сөз алғандар: мейірбике Буриева К сөз алды:-Меңгеруші апай дұрыс айтады. Топтағы көмекші тәрбиешілерге тиісті жұмыстарын мен оларға айтып, бөліп, түсіндіріп бердім. Келеңсіз жағдай орын алса өздеріңіз жауап бересіздер,-деді.

2.Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды.Тіл адам баласының ең бірінші қарым-қатынас құралы.Балалардың тіл байлығын дамытып,байыту ,сөздік қорын молайтуда халықтық педагогиканы көбірек қосу,топқа бөліп мақал-мәтел ,жаңылтпаш ертегілер айтудан ,жұмбақ шешуден жарыс ұйымдастыруды ұсынды.Балалардың ойын ережесі кезінде дыбыстарды ,сөздерді дұрыс айтуы мен сөйлеуіне беруді топтастырды.

3. Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды. Ол өз сөзінде жалпы ата-аналар жиналысы болатынын, одан топтық ата-аналар жиналысын өткізу мәселесіне тоқталды. Осы айдың он екісіне Жалпы ата-аналар жиналысын өткіземіз деп күнін белгіледі. Ондағы қаралатын мәселелерге тоқталды. Ата-аналармен бірігіп жүргізілетін жұмыстар ашық есік күні, ата-аналарға кеңес т.б. жұмыстар атқарылады. Келген ата-аналарға осы жайында сөз қозғап, түсіндіру керек, - деді. Мейірбикеке ата-аналарға арналған баяндама дайындауын ескертті. Келген ата-аналарды тіркеп, жақсылап күтіп, шығарып салайқ, - деді.

4.Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Юсупова Оралай сөз алды. Ол өз сөзінде алда келе жатқан мерекелерді атап өтті. Әр топта осыған орай «Республика күніне», «Алтын күз» мерекелеріне ертеңгілік іс-шараларын өткізуі тиіс. Қараша айының соңына дейін «Күз мерекесіне» арналған ертеңгілік іс-шараларының жоспары түзіліп, бекітіліп, өтілсін.

5.Келесі мәселе бойынша балабақша әдіскері Юсупова Оралай сөз алды. Айдандық білім күніне түскен кіріс құжаттарды талқылады. Яғни, бұйрықтар мен хаттар жайында түсіндіріп өтті. Бұл бұйрықтар мен хаттарды тіркеп, оқып, талдап шықтық, - деді.

Шешімі:

1. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық жұмыстары қолға алынсын.
2. Мерекелерде барлық топтарда ертеңгілік іс-шаралары өтілсін.
3. Кіріс құжаттары дер кезінде орындалсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:

Ә.Әділбай

Андосова Г.

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама № 2

Мерзімі: 10.11.2020 ж

Қатысқандар: 8 адам

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Тәрбиешілердің серуен бөлімдерін дұрыс жоспарлауы» тақырыпты тексеру қортындысы
3. «Тілдер күнімен», «Алтын күз» мерекелерін талқылау.
4. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің сценарийін бекіту

1. Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі Ә.Әділбай сөз сөйледі. Меңгеруші жалпы ата-аналар жиналысы өтілді. ата-аналар жиналысының төрайымдары сайланды. Жалпы жиналыс шешімі бойынша :балабақша мен ата-аналар үнемі тығыз байланыста болды, отбасы болып шынығу, салауатты өмір салтын қарастырайық, өнегелі отбасымен үлгі алу деген шешімге тоқталдық.
2. Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ә.Әділбай сөз алып «Тәрбиешілердің серуен бөлімдерін дұрыс жоспарлауы» тақырыпты тексеру қортындысы туралы айтып өтті. Серуен кезінде орындалатын бақылау, ойын, еңбек бөлімдерін дұрыс жолға қойған. Бақылауға алынған табиғат құбылыстары туралы әңгіме жүргізілді. Балалар дұрыс жауап беріп отырды. Қимылды ойындар ойнады. Еңбек іс –әрекетінде балалар ойын алаңын жапырақтардан тазартты. Серуен дұрыс жоспарланған.
3. Үшінші мәселе бойынша II кіші топ және ортаңғы топтардың Республика күніне дайындығы жақсы. Балалар ән айтып, би билеп, тақпақтар айтып белсенділік танытты. Балалардың тілдері жастарына лайықты дамыған. Тәрбиешілердің дайындығы өз деңгейінде. «Алтын күз» мерекесі ортаңғы топта өткізілді. Топ мерекеге сай безендіріліген. Мерекелік іс-шара қызықты өтті. Ата-аналар да өз ризашылықтарын білдірде.

4. Төртінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі Ә.Әділбай алдағы келе жатқан «Тәуелсіздік мерекесі», Жаңа жыл мерекелеріне дайындық жүргізіліп, ертеңгілік сценарилері бекітілсін деген ұсыныс айтты.

Тәрбиешілер: мерекелерге дайындықты бастап та жібердік.

Сценарийлердің жобасын да жасап қойдық. Сценарийлерді ретке келтіріп, бекітуге әкеліп, көрсетеміз.

5. Келесі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ә.Әділбай сөз алды. Айдандық білім бөлімінен түскен кіріс құжаттарды талқылады. Яғни, бұйрықтар мен хаттар жайында түсіндіріп өтті. Бұл бұйрықтар мен хаттарды тіркеп, оқып, талдап шықтық.

Шешімі:

1. Республика күні, «Алтын күз» мерекелері талқыланды.
2. Балалардың тілін дамыту барысында сөздік ойындар пайдаланылсын.
3. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің сценарилері бекітіліп, өтілсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:




Ә.Әділбай

Андосова Г.

Меңгеруші жаыындағы кеңес

Хаттама № 3

Мерзімі: 08.01.2021ж

Қатысқандар:8 адам

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің өтілуін талқылау.
3. «Балалардың дене бітімінің жетілуіне арналған ойындарда құралдарды пайдалану»тақырыпты тексеру қортындысы
4. Жарты жылдық мониторинг қорытындысы.

1. Бірінші сұрақ бойынша өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы мен мерекелік іс-шаралардың өту жөнінде меңгеруші Ә.Әділбай сөз алды.Ол өз сөзінде :Өткен айда бүкіл елеміз Тәуелсіздік күнін атап өтті.Тәуелсіздік елімізге оңай келген жоқ,өзге елдің бұғауынан құтылып ,өз алдына дербес ел атанды .Өткен ата-бабаларымыз,халқымыздың батырлары үшін борыштымыз.Сондай киындықпен қол жеткізген тәуелсіздігімізге орай жақсы бір іс-шара өткіздік деп ойлаймын.
2. Екінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі Ә.Әділбай сөз сөйледі. Ортаңғы топта өтілген Тәуелсіздік күні мерекесі өз деңгейінде өтті. Тәрбиеші мен балалардың дайындығы жоғары деңгейде. Желтоқсан құрбандары жөнінде түсіндіріліп, тақпақтар айтылды. Әндері де тақырыпқа сай айтылды. Жаңа жыл мерекесіне келетін болсақ, мереке ата-аналармен бірлесе өткізілді. Ата-аналар мен балалардың белсенділігі жақсы. Ерте жас тобында мереке болмады. Өйткені әлі де кішкентай. Жалпы мереке қызықты өтті.

Сөз алғандар: тәрбиеші Ф.Шынтаева , бізге мерекеге дайындыққа ата-аналар көмектесті. Оларғы алғысымызды білдіреміз. Өзге топ ертеңгіліктері де өз деңгейінде өтті деп ойлаймын.

3. «Балалардың дене бітімінің жетілуіне арналған ойындарда құралдарды пайдалану»тақырыпты тексеру қортындысы жөнінде балабақша меңгерушісі Ә.Әділбай айтып өтті.Тексеру барысында анықталғаны топтарда дене шынықтыру оқу қызметі кестеге сай өтіліп жатыр.

Апталық жоспарда жоспарланған қимылды ойындар ұйымдастырылады.

Ұсыныстар: Дене шынықтыру жаттығуларын көбейту жас ерекшеліктеріне және балалардың тілдерін дамытуға тіл ұстарту жаттығуларын кеңінен қолдану.

4. Төртінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі Ә.Әділбай жартыжылдық мониторинг қорытындысы жөнінде айтып өтті. Мониторинг қорытындысы бойынша тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің деңгейлері орташа деңгейде болды. Бұдан әрі тәрбиешілер баланы ұйымдастыру шеберлігін арттырып, балалардың білімдерін дамыту жұмыстарын жақсартады. Көрнекілік сапасына көңіл бөліп, өз білім деңгейін көтеру жұмыстарын жүргізеді деген сенімдемін.

Шешімі:

1. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелері талқыланды.
2. Педагогтар мен балалар арасындағы қорытынды мониторинг көрсеткіші бойынша кемшіліктерді жою жұмыстары жүргізілсін.
3. Тақырыпты тексерудің қорытындысының анықтамасындағы ұсыныстар бойынша кемшіліктерді жою жұмыстары жүргізілсін.

Төрайымы, б/б меңгерушісі:

Хатшысы:

Ә.Әділбай
Андосова Г.

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама № 4

Мерзімі: 03.03.2021ж

Қатысқандар:8 адам

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. 8 наурыз,22 наурыз мерекелерінің сценарийлерін бекіту.
3. Денсаулық күніне арналған іс-шаралар туралы

1. Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі Ә.Әділбай өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтті .Балабақша қызметкерлерімен бүлдіршіндер арасында техникалық қауіпсіздігі іс –шаралары жүргізілуде.Қыс бойы топтарда жылу тәртібі сақталынып,күнделікті 21-22 градус сақталды.
2. Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ә.Әділбай сөз алды. Ол кісі өз сөзін ұжымдағы қыз-келіншектерді «8-наурыз-Халықаралық әйелдер күнімен» құттықтаудан бастады. Өз істеріңізде табысты, белсенді болып, аянбай, шаршамай жұмыс жасай беріңіздер, - деді. Осы мерекеге орай мерекелік іс-шаралар өткізілуі тиіс екенін айтты. Іс-шара сценарийін түзіп,бекітілсін деген ұсыныс айтылды. Және де келе жатқан «Ұлыстың ұлы күні - Наурыз» мерекесін ойдағыдай тойлауымыз керек , - деді. Бұл өте үлкен мереке болғандықтан , мерекені ойдағыдай атап өтуіміз керек. Осыған орай топтарда қызу дайындық жасалып, мереке сценарийі түзіліп, бекітілсін.

Сөз алғандар: Тәрбиешілер

Мерекелік дайындықты бастап та жібергенбіз. Сценарийді де түзіп қойдық. Ретке келтіріп бекіттіреміз.

3.Үшінші сұрақ бойынша денсаулық күніне арналған ойындар туралы ой пікірлерін білдіргендер.

Ә.Әділбай Дүние жүзілік –спорт күні.Сондықтан осы апта ішінде денсаулық күніне әр топтағы балалардың жас ерекшеліктеріне қарай ойындар ойнатылсын.Әр түрлі эстафеталық ойындар ұйымдастырылсын.

Жанаева Г:

Балалардың қозғалыс қимылы денсаулықты жақсартады. Танертеңгі жаттығудың балалар денсаулығы үшін маңызы зор, шынығудың әдістері көп. Денсаулықты күтіп ұстауымыз керек, мақсатында денсаулық мерекесіне ойындар ұйымдастырылады.

Шешімі:

1. Өткен кеңестің шешімдері қанағаттанарлық
2. 8- наурыз, 22 – наурыз мерекелерінің сценарийлері түзіліп, бекітілсін.
3. Денсаулық күніне арналған іс-шара өткізілсін.

Төрайымы, б/б меңгерушісі:

Хатшысы:




Ә.Әділбай
Андосова Г.

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама № 5

Мерзімі: 15.04.2021ж

Қатысқандар:8 адам

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. 8 наурыз,22 наурыз мерекелерін талқылау.
3. Денсаулық күніне арнаған апталықты талқылау
4. 7-9 мамыр,1 маусым ,«Қош бол, балабақша!» мерекесінің бағдарламасын бекіту.
5. Жазғы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесін бекіту

1. Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі Ә.Әділбай өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде айтып өтті.Денсаулық іс-шаралардың барлығы іске асырылды.7-9 мамыр мерекелерін дайындық жүргізілуде .
2. Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ә.Әділбай сөз алды. 8- наурыз мерекесін әр топ ойдағыдай атап өтті. Дайындықтарың жақсы. Балаларыңда көңілді болды. Ана туралы ән-тақпақ айтып, би биледі. Көріністеріңде тамаша! Көктем аруының қонаққа келуі де бір ғажайып болды.

Ал, енді 22 наурыз мерекесіне келетін болсақ, мереке ойдағыдай өтті. Бірақ кемшіліктері де болды. Қандай кемшілік екенін өздеріңізде біліп отырған шығарсыз. Дайындықтарыңыз жоқ. Сіздерге көмек болсын деп мерекені сайыс түрінде де өткіздік. Бірақ сіздердің дайындықтарыңыз мүлдем жоқ десек те болады. Неге?

Өткен мереке өтті. Бірақ әлі алда талай мереке бар. Осы кемшіліктер келесі де қайталанбасын. Бұл сіздерге ескерту. Сіздердің жұмыс жасап жатқандарыңыз, еңбектеріңіз осындай мерекелік іс-шараларда көрінеді.

3.Денсаулық мерекесі апталығы өтілуі туралы тәрбиеші ФШынтаева айтып өтті.

Мерекелік іс-шараларда жоспарланған әрекеттердің барлығы іске асырылды.Мереке балабақша ауласында өткізілді .Балалардың өнерін ата-

аналар тамашалап, риза болып жатты. Бүлдіршіндердің арасында эстафеталық жарыстар өткізілді. Сонымен қатар апталық барысында денсаулық бұрыштары көрнекі құралдарды толықтыру жұмысы жүргізілді.

4. Төртінші мәселе бойынша да балабақша меңгерушісі Ә.Әділбай сөз алды. Міне, бұл жылға оқу жылымызда аяқталып қалды. Ортаңғы топ балаларымыз бір жасқа есейді. Енді олар мектепке барады. Сол себепті осы мамыр айының соңына қарай балалармен «Қош бол, балабақша!» меркесін өткіземіз. Мереке осы жолы ойдағыдай, өте жақсы болуы тиіс. Мерекені өткізуді ортаңғы топ тәрбиешісіне және II сәбилер тобының тәрбиешісіне және де музыка жетекшісіне жүктеймін.

5. Бесінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі жазғы ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесімен таныстырып өтті, (Бекітілсін деген ұсыныс болды)

Шешімі:

1. «Қош бол, балабақшам!» меркесінің бағдарламасы түзіліп, бекітілсін.
2. Денсаулық апталығында өткізілген іс-шаралар қанағаттанарлық.
3. Жазғы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесін бекітілсін.

Төрайымы, б/б меңгерушісі:

Хатшысы:




Ә.Әділбай
Андосова Г.

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама № 6

Мерзімі: 25.07.2021ж

Қатыскандар: 8 адам

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. 7-9 мамыр, 1 маусым, «Қош бол, балабақша!» мерекелерінің өтілуі туралы
3. Жаңа оқу жылына дайындық
4. Жазғы сауықтыру шраларының жоспарын бекіту
5. №1 педкеңеске дайындық
6. Кіріс құжаттарды талқылау

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі : Ө.Әділбай сөз алды. Балалардың танымын арттыруға серуеннің маңызы, ролі зор. Өздеі көріп бақылап, ұстап көреді. Ауылда егіс етуге қатысып, су құйып, шөбін жұлып, өсуіндегі өзгерістерді көріп қуанады. Ауылда жазғы кезде еңбекке баулуымыз керек. Жаз мезгілі өте қызықты өтетін ай.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі:
Ө.Әділбай сөз алды. Ол кісі жаңа 2021-2022 оқу жылына дайындық жайлы айтып өтті. Сонымен қатар жаңа оқу жылына топтардың дайындығы туралы және жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысын талдады. Жалпы жаңа оқу жылына дайындық жұмысы қалай жүріп жатқандығы жайлы айтты. Тамыз айының соңғы күндері біз үшін жауапты әрі маңызды, өйткені жаңа оқу жылына дайындық аяқталып, атқарылған жұмыстың нәтижелері жария болады. Бүгінде жаңа оқу жылына толық дайынбыз,- деді балабақша меңгерушісі.

3. Үшінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі :
Ө.Әділбай айтып өтті. Ағымдағы жұмыстар бітті. Топтар жаңа оқу жылына дайын. Балабақша мемлекеттік тілде жұмыс жасайды.

4.Төртінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі :

Ә.Әділбай жазғы ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесімен таныстырып өтті.(Бекітілсін деген ұсыныс болды)

5.Бесінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі :

Ә.Әділбай сөз алды. Ол кісі тамыз айында болатын №1 педагогикалық кеңес жайлы айтты. №1 педкеңесте жаңа 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспары және ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесін бекіту туралы болады. Және де тәрбиешілерге шығармашылық тақырыптарын бекіту туралы болады. Сонымен қатар барлық қызметшілердің лауазымдық міндеттерін жүктеп, ішкі еңбек тәртібімен таныстырып шығамыз. Бұл педагогикалық кеңес бәріміз үшін өте маңызды. Сол үшін осы кеңеске дайындық қызу үстінде жүргізілсін.

6.Алтыншы мәселе бойынша балабақша меңгерушісі :

Ә.Әділбай сөз алды. Аудандық білім бөлімінен түскен кіріс құжаттарды талқылады. Яғни,бұйрықтар мен хаттар жайында түсіндіріп өтті. Бұл бұйрықтар мен хаттарды тіркеп, жауап қайтарылатын хаттар болса орындалады, - деді.

Шешімі:

1. Жаңа оқу жылына дайындық қызу түрде жүргізілсін.
2. №1 педкеңеске дайындық жүргізілсін.
3. Кіріс құжаттары дер кезінде қаралып, орындалсын.

Төрайымы, б/б меңгерушісі:

Хатшысы:




Ә.Әділбай

Андосова Г.